

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 104 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 сәуірде № 9-16-117 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19, 23, 44-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. "Науырзым ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық шақыру учаскесіндегі техникалық жұмыстар үшін, жалақыларын сақтай отырып екі қызметкер бөлсін.

3. "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) :

1) мерзімді әскери міндетті орындаудан бас тартқан тұлғаларды жеткізуді қамтамасыз ету ;

2) аудандық әскерге шақыру учаскесінде әскерге шақырылушылар ортасында қоғамдық тәртіпті сақтауды қолдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қу а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Кеңесбаев

"Қазақстан Республикасы ішкі істер
министрлігі Қостанай облысының
ішкі істер Департаменті Науырзым
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н. Байкасов

"Қостанай облысы Науырзым ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Смағұлов